

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат
БАЙҚАДАМОВ:
«ІСКЕРЛІГІ
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:
«ОЙ БИГІНДЕГІ
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ



«ЕЛІНЕ ДЕГЕН МАХАББАТЫ ШЕКСІЗ»

– Жамила ана, әр баланың дүниеге келуінің өзіндік бір құпиясы болады деп жатады. Сондай тылсымның бірі Бақыт ағаны дүниеге әкелер сәтте болған екен. Осыған тоқталсаңыз?

– Халқымыз әр бала өз несібесімен деп жатады ғой, сол несібесін кең дүниенің есігін аша салысымен арқалап келген ұлым, осы Бақыт болды. Бақытты дүниеге әкелер кезде әлі бұрын бекімеген жас едім. Мектепте мұғалім болып жұмыс жасап, отбасы мен жұмысты қатар алып жүрген сәттерім. Желтоқсан айы болатын. Жұмыстан келіп, кешкі астың қамымен жүрген кезім. Жетісай қаласы, өздеріңіз білесіздер мақталы өлке. Қазанның астына от тұтату үшін қозапая, яғни, мақтаның шырпыларын теруге егістікке қарай бет алдым. Ауылдағы әйелдер бума-бума етіп арқалап алса, мен кішкентай ғана бума жасап алып келдім. Алайда, осының өзі аяғы ауыр, айы-күні жетіп отырған әйел заты үшін ауыр салмақ. Күн ымырттанып, кеш қарая бастағанда ішім ауырып, енеме қарай беттедім.

«Апа ішім ауырып жатыр» дегенімде, енем құдай ау әлгіндегі ауырды бекер көтердің ғой, «енді шала босанатын болдың» деп маған жанашыр кейіпте жаныма келіп жұбата бастады. Төлеген аталарың әкеден қалған жалғыз тұяқ болғандықтан, енем үшін бала деген өте қымбат дүние болатын. Толғағым келіп, енем өзі босандырды. Босандыра салып тырнағына қарап шала емес, ай күні жетіп, уақытысымен туылған бала екен деп енем Төлеген аталарыңнан сүйінші сұрай бастады. Шала емес екенін қайдан білді десем, бұрынғылар оқымай-ақ дәрігер болған ғой, баланың толық шыққан тырнағына қарап білген екен. «Егер шала бала болса тырнақ шықпайды» деп енем мәз-мейрам болып қуанып жүр.

Төлеген қан шығарып, мал сойдырмамын деп көрші ауылға туыстарымыздың фермасына барса, ағамыз түн болып қалды, малды таңдай алмаймыз, «таңсәріде кел» деп қайтарып жіберіпті. Таңды атырып, фермаға қарай Төлеген бет алды. Фермаға барып қойларды сыртқа шығарса, жүні үлпілдеген бір аппақ кой маңырап келіп

Төлегеннің алдына құлай салыпты. Ағамыз болса «ойбай Төлеген малдың өзі алдына құлап тұр, осыны аласың. Балаң тегін бала болмайды екен, өмірге өзімен бірге ырыс-несібе, құт-береке әкелген ұл екен. Қаншама жылдар бойы осы жерде отырсам да, мұндай Алланың күдіретін көрген емеспін» деп қойды Төлегеннің алдына өңгеріп беріп, ауылға қарай беттетіп жіберіпті. Міне, қарағым біздің Бақыт осындай таңғажайыптармен дүние есігін ашқан. Сол күннен бастап отбасымыздың ырыс-несібесі артып, Бақытымның әркез қолдауыменен ізінен ерген бауырларының да қанжығалары майланып, осындай ырыс-несібеден кенде қалмады.

– «Әке көрген оқ жанар» деген халық мақалы бар. Төлеген ағамыздың елге ардақты азамат болғанын баршамыз білеміз. Атаның бойындағы бар асыл қасиетті балаңыз Бақыттың бойынан көре аламыз ба? Бүгінгі Бақыт ағаға қарап отырып Төлеген атаны еске түсіру мүмкін бе?

– «Бір бала бар атасынан өте туады, бір бала бар атасына жете туады, бір бала бар кері кете туады» деп Қаз дауысты Қазыбек би айтқандай, тегінде бар тектіліктің желісін үзбеген Бақыт балам әке жолын қуған азамат. Бүгінгі Бақытты көріп отырып, кешегі отағасы Төлегенді көргендей боламын. Ең бірінші, ақылдылығын, сабырлы-сыпайылығын, еңбекқорлығы мен табандылығын әкесінен алған тәлімі дер едім. «Сөйлеген сөздерінде жалын, ойлаған ойларында ұшқыны бар Төлеген аталарыңды көргілерің келсе, Бақыт ағаларыңа қараңдар» деп немерелеріме айтып отырамын. Әкесінің адалдығымен қоса шығармашылыққа бейімділігін де Бақыттың бойынан көремін.

– Сіз үшін Бақыт ағаның өзге ұл-қыздарыңыздан ерекшелігі?

– Әрине, әр баланың отбасында өзіндік орны бар. Алайда Бақытым ұлдарымның тұңғышы, әжесінің баласы болып біздің шаңырақта өзіндік орнын ойып алған. Ізінен ерген бауырларын алға жетелеп, үйге үнемі қол ұшын созып, қайда жүрсе де ойлағаны отбасы мен елі болды. Бүгінгі



Бала Бақыт отбасымен бірге

таңда да алпыстың асқарына келіп қалса да, бауырларын ойлаудан шаршаған емес. Сөзден гөрі, іспен дәлелдеуді жаны қалайтын Бақытымды өз ортасы, үлкені мен кішісі құрметтей білді. Қазіргі таңға дейін ата-анасының алдындағы ұрпақтық парызын өтеуден тайған емес. Тағы бір үлкен өзгешелігі десем де болады, Бақыт жастайынан өте ұлтжанды болып өсті. Әскерге кеткен тұсында да ерекше көзге түсіп, ұйымдастырушылық қабілетімен қазақтың ұлттық аспаптарын насихаттап жүрді. Хат жазып «анашым бұл жақтағы орыстар мен шала қазақтар екен, мен бұларға қазақтың қара домбырасын танытайын, әдемі даусы күмбірлеген қос ішекті салып жіберіңізші» депті. Керемет домбыраны сыртына қорабын жасатып салып жібердік. Кез келген әскердегі адам мұндай тақырыпта хат жазбасы анық. Елге деген шексіз махаббатымен де өзгелерден тұлғасы ерек.

– Бақыт қандай әке?

– Сұрағың өте орынды. Адам өмірдің есігін ашқаннан кейін ұлдың парызы әке атану, қыздың парызы ана атану. Алла мұндай бақытты нәсіп етпей жүрген отбасылар да жетерлік. Бақыттың қандай әке екенін мынау ұл-қыздарының жүріс-тұрыстарынан, сөйлеген сөздерінен, келген қонақтарға көрсеткен ілтипаттары мен жеткен жетістіктерінен көре аласыз. Ата – асқар тау, Ана – бауырындағы бұлақ, Бала – жағасындағы құрақ. Қандай ғибраты мол сөз десеңізші. От-

басы деген шағын мемлекет екені аян. Сол мемлекеттің асқар тауы Бақыт, шөлдегенде айызыңды қандырар, мөлдірлігі тағы бар бауырындағы бұлағы – Раушан. Тау бар жерде, мөлдір бұлақтың бар болатыны шындық болса, бұлақтың жағасында көк майса құрақтың болатыны да шындық. Ол құрақ – Нұрсұлтан, Әйгерім, Сайда, Гүлсина, Ерсұлтан. Осындай төрт құбыласы тең Мемлекетте болашақ дипломаттар, сарабал басшылар мен елінің ардақтылары өсіп келеді. Осының баршасы түптеп келгенде тәрбиеге тікелей байланысты. Әкесінен үйренген әкелік міндетін Бақыт абыроймен атқарып келеді. «Атадан ұл қалса, өзі қалғаны, қыз қалса, ізі қалғаны», осы мақал арқылы Бақыттан тараған ұл өзінің көзі болса, тараған қыз жүріп өткен ізі дер едім.

– Жамила ана, Бақыттың қайтпас, қайсарлығы мен табандылығына таң қалам дедіңіз. Осы тұстан бір естеліктер келтірсеңіз?

– Өмір болған соң түрлі оқиғаларды бастан өткереді екенсің. Сондай өмірдің қаталдығы ұлым Бақытты да айналып өтеді. Жастайынан еңбекке құмар болған, қара еңбекпен шымырланған Бақыт сатылап келе түрлі қызметтердің дәмін татты. Қызметте болған мекемелерінің ешқайсысынан жаман сөз естірткен емес. Әрине, бұл еңбекқорлығының арқасы. Астанадағы президенттік аппаратта талмай қызмет жасады. Бір әттең-айы зейнеткерлік

шаққа жақын қалған тұсында қысқарту жүріп жұмыстан босап қалды. Міне, менің айтпағым осы тұста балам Бақыт еш мойымай, қажыр-қайратын бойына жиып, бұл өмірдегі ең құнды дүние кітап жазумен айналысты. Осы тұста менің ана жүрегім қарс айырылып, сыздап жатқан тұста анашым бәрі жақсы болады, мені шығармашылықпен айналысын деп Алланың өзі сынақ етіп жіберген шығар деген бар.

– Байқап қарасам қолыңызда Бақыт ағаның барлық кітаптары бар секілді. Ұлыңыздың шығармашылығын бақылап отырасыз-ау?

– Жастайынан өлең, кітаптар жазуға шебер болған Бақытымның ынтасын көріп аналық жүрегім іштей қуанышта болатын. Есейе келе, өмірдің өзі шын шығармашылық адамына айналдырды емес пе. Бақытымның жиырмадан астам кітабы шықса, баршасымен таныспын десем де болады. Оқуға жеңіл, түсінікті. Таңдаған тақырыптарының өзі оқуға қызықтырып, елітіп әкетеді. Әрине, әдеби емес. Алайда, көзбен көрілген, қолмен ұсталған дүниелерді қағаз бетіне түсіріп оқырманына ұсынғанда, оқырманның өзі сол әлемде жүргендей күй кешпей ме. Мен ұлымның тұрақты оқырманының бірімін.

– Аналық тілегіңіз...

– Ұлым Бақыт зымыраған уақыттың желкеніне ілесіп алпыстың асқарына келіп қалды. Ана жүрегі баласына тек амандық, зор денсаулық, шығармашылық шабыт, жүзіне нұр, өзіне мол жыл тілейді.

– Рақмет.

Әңгімелескен
Назира СӘБИТҚЫЗЫ



ДОСТЫҚ ЖЫРЫ

Дос деген - жарасқандық, мәнді ғұмыр,
Ұл мен қыз жарасатын сәнді ғұмыр.
Дұшпанға тізгін бермес бірлік осы,
Ғұмырын бір күн емес, мәңгілік қыл.

Достықтың түрі көп қой бұл өмірде,
Біреуі тұрады екен жүрегінде.
Біреуі бастап тұрар ізгілікке,
Қамқоры қолдан келсе білегінде.

Достықты пайдалансаң өз пайдаңа,
Жиналмас жақсы адам айналаңа.
Жетіп бір орындалса ойлағаның,
Ұзаққа созылмайды тойлағаның.

Достықтың бастамасы – үйің, төрің,
Жарасты отбасына сүйінгенің.
Ауыз -ас, тоқшылықпен жүрген күнің,
Өзгеден төмен қалмай киінгенің.

Жарың дос тең келмейтін адал болса,
Жекжат дос ақ тілекпен қатар қонса.
Ауылдас, қызметтес – бәрі досың,
Достыққа лайық деген назар болса.

Осындай дос дегендер мен білетін,
Жылы сөйлеп жүрекке ендіретін.
Ол жас пен сақалыңа қарамайды,
Жүрегің таза болсын сендіретін.

ТУҒАН ЖЕР САҒЫНЫШЫ

Шыр етіп түскен жер қымбатты...
Ауылым, аяулым, сымбатты.
Өмірдің есігін ашқан сен,
Көңілді толқытты, жырлатты.

Кетпейді есімнен бала күн,
Жандырған қиялдың шырағын.
Құлындай қырыңда жүгірдім,
Ауылым – кәусарым, бұлағым.

Сағындым жауынын, дауылын,
Сағындым дос құшақ – бауырын.
Алыстап кетті деп жүрсің бе,
Оралам өзіңе, ауылым!

Ауылым – аңсарым, аяулым,
Өзіңен нәр алдым, ой алдым.
Жетермін бір күндер сағынтып,
Ат басын бұрып ап қиялдың!

ҰЛЫ ЕЛ БАР, ОЛ БҮГІН ҚАЗАҚСТАН

Он сегіз мың ғаламда бір ғалам бар,
Ол ғаламда керемет бір ғажап бар.
Ол ғажаптың Жер-ана болар ағы,
Ұрпағына адамның болашақ бар.

Толып жатқан мемлекет жер бетінде,
Оңай өмір жоқ болар шар бетінде.
Ұлы ел бар, ол бүгін Қазақстан,
Көріп келем шабытты келбетінде!

Адам жанын қорғайтын қазығымда,
Керемет бар көне жер қазағымда.
Бүкіл байлық беріліп сахарам,
Терең ой мен күш жатыр мазмұнында.

Тек жиналған жақсылар мекенімде,
Жарасып жүр жұптары некенің де.
Ұлт -ұлыстар достықта өмір сүріп,
Елестетер үлгісін Меккенің де.

Жерұйықты таппайсың бұдан артық,
«Тегіс» деген жеріңнен шығар тыртық.
Ата-баба мекені болғандықтан,
Оу, ағайын болады жаннан артық.
Егілемін, еліммен армандаймын,
Жақсы күндер ұрпаққа қалғандайын.
Бірлігіміз күшейіп қалу үшін,
Кең дастархан бәріңе жайғандаймын.

Дархан елім күн туса қасындамын,
Тірек болып қалуға жасындамын.
Үйренгенмін өзіңнен жақсылықты,
Болсам деймін әр істің басында мен.

Арнауымның өзегі бар сәні де,
Тек өзіңсің туған ел бар мәні де.
Жарататын ісіңе қажет болсаң,
Дайын тұрмын қолдауға мен әлі де.

Көк майса боп көгерер жүрсе арық,
Түзеледі еліміз болса нарық.
Ұйымдасып бірігіп жүрген кезде,
Мықтылыққа Отаным жетеді анық.

Сенен артық таппаспын елді мекен,
Буып алдым, ағайын, белді бекем.
Халқым, жерім мәңгілік гүлденсін деп,
Өзің үшін аянбай еңбек етем.

АУЫЛЫМ – АҢСАРЫМ

Жерұйық десе де сымбатты,
Туған жер – бесігім қымбатты.
Сол өңір гүл өмір сыйлаған,
Сағынған көңілді жырлатты.

Алыстап еркелі құлын шак,
Мінез де қалған жоқ ұрыншақ.
Сағынсақ ауылдың оттарын,
Сол ғана жылытсын, жылынсақ.

Кең дала құшағы – бауыры,
Көк майса ақ нөсер жауыны...
Кіндігім кесілген жерім сол,
Қазақтың кәдімгі ауылы.

Көрсө де уақыттың ауырын,
Осында дос, туыс, бауырым.
Жырақтап кеткендер бір мен бе?..
Сағынып жетермін ауылым!

Көңілге кондырған қаяу, мұң
Бір таңға бүгін де ояумын.
Бір үй бар өзінде ауылым...
Сендірме ошағын, аяулым!

БЕРЕКЕЛІ БАС ҚАЛА

Беу, Сарыарқа!
Төрін берген бас қалам!
Келешегі кемел менің АСТАНАМ!
Ордасы ол патшаның да, жастардың,
Арман, мақсат шыңында тұр асқардың.
Сол мұратқа сабыр қылсақ жетерміз,
Қыс пен көктем, жаз бен бәлкім, өтер күз.
Елдер бізге бетін бұрды өркенді,
Сенім артып күнімізге ертеңгі.
Бұл да болса еркіндігі халқымның,
Құны жетпес бағаласа алтынның.
Орындалып жатыр содан ойдағың,
Көбейсінші, көбейсінші тойларың!
Ашық құшақ – жақынға да, досқа да,
Мерейленсін, берекелі Бас қала!

КУБА МЕН ҚАЗАҚСТАН

Куба мен Қазақстан
Бір шаңырақ қос жұлдызы екенбіз,
Куба менен Қазақстан – екі елміз.
Көрінбейтін арқаулармен байланған,
Тағдырласпыз, тағдырлас боп өтерміз.
Жандырам деп бақыт шамын жанбаған,
Еркіндікті халық өзі таңдаған.
Міне, содан мемлекеттің іргесін,
Тәуелсіздік – елдің күші сомдаған.
Жарығындай нұрлы аспан астының,
Мәңгі жайнап алауласын достығың.
Барша әлем мойындасын біздерді,
Сен де, Куба, есігінді аш бүгін!

